

**Қазақстан Республикасының қорғанысы мен қауіпсіздігінің қажеттері үшін мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, қаржыландыру және орындау ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 6 тамыз N 881 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 2219 Қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.12.29 № 2219 Қаулысымен*

"Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының қорғанысы мен қауіпсіздігінің қажеттері үшін мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, қаржыландыру және орындау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін. <\*>

*Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.05. N 1235 қаулысымен .*

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 6 тамыздағы

N 881 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының қорғанысы мен қауіпсіздігінің қажеттері үшін мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, қаржыландыру және орындау ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

Қазақстан Республикасының қорғанысы мен қауіпсіздігінің қажеттері үшін мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, қаржыландыру және орындау ережесі (бұдан әрі - Ереже) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты (бұдан әрі - қорғаныстық тапсырыс) қалыптастыру, қаржыландыру, орналастыру

және орындау рәсімдерін, сондай-ақ мемлекеттік уәкілетті орган , мемлекеттік тапсырыс берушілер мен мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушылар арасындағы өзара қарым-қатынасты реттейді.

## **2. Қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру**

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын және міндеттемелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасында қару-жарақ пен әскери техниканы дамыту бағдарламалары, осы мақсаттарға белгіленген шығындар шегінде қару-жарақты, әскери техниканы, арнайы әрі екіұдай қолданылатын (мақсаттағы) тауарларды және технологияларды өндіруге, беруге, сатып алуға тапсырыс орналастыру міндеттемелері қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру үшін негіз болады .

Мемлекеттік тапсырыс берушілер ағымдағы жылдың 20 мамырынан кешіктірмей уәкілетті органға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әрбір келесі жылға алдын ала өтінімдер ұсынады, бұл ретте алдын ала өтінімдер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілмейді.

Уәкілетті орган мемлекеттік тапсырыс берушілердің алдын ала өтінімдері негізінде келесі жылға қорғаныстық тапсырыс жобасын қалыптастырады және Қазақстан Республикасының Республикалық бюджет комиссиясына енгізеді.

Мемлекеттік тапсырыс берушілер (әрқайсысы жеке) Қазақстан Республикасы Республикалық бюджет комиссиясының мәжілісінде қорғаныстық тапсырыс номенклатурасын қорғайды .

Тиісті жылға арналған республикалық бюджет бекітілгеннен кейін бір ай мерзімде мемлекеттік тапсырыс берушілер қорғаныстық тапсырысқа енгізу үшін нақтыланған өтінімдерді 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға ұсынады .

Өтінімдер Қазақстан Республикасы бюджетінің шығындарын экономикалық сыныптау бағдарламалары, кіші бағдарламалары және ерекшеліктері бөлігінде әрі онда осы мақсаттарға көзделген қаражат шегінде ұсынылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімі қабылданған кезден екі айдан аспайтын мерзімде Қазақстан Республикасы бюджетінің шығындарын экономикалық сыныптау бағдарламалары, кіші бағдарламалары және ерекшеліктері бөлігінде уәкілетті органның 2-қосымшаға сәйкес ұсынуы бойынша қорғаныстық тапсырысты бекітеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі тиісті жылға арналған қорғаныстық тапсырысты бекіткеннен кейін уәкілетті орган оның тапсырмаларын тиісті мемлекеттік тапсырыс берушілерге және орындаушыларға жеткізеді.

## **3. Қорғаныстық тапсырысты орындау**

Мемлекеттік тапсырыс берушілер қорғаныстық тапсырысты орындаушыларды анықтау мақсатында "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тапсырмаларды орналастыруға конкурстар өткізеді, орындаушылармен шарттар жасасады, орындалуын бақылауды жүзеге асырады және мемлекеттік тапсырыс берушілер үшін көзделген басқа да функцияларды іске асырады.

Отандық тауар өндіруші - қорғаныс тапсырысын орындаушылар конкурс өткізу кезінде заңнамада белгіленген тәртіппен басымдыққа ие болады.

Қазақстан Республикасының қорғаныс, құқық тәртібі және ұлттық қауіпсіздігі мұқтаждарын қамтамасыз ету үшін қажетті қару-жараққа, әскери техникаға, арнайы әрі екіұдай қолданылатын (мақсаттағы) өнімге және басқа да өнімге (жұмыстарға, қызметтерге) тапсырмаларды орналастыру кезінде Қазақстан Республикасының құпиялық тәртібін сақтау, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілеті кепілдіктері талап етілсе, мемлекеттік тапсырыс беруші уәкілетті органмен келісім бойынша "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18 және 21-баптарына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 қарашадағы N 1663 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі туралы нұсқаулыққа сәйкес мемлекеттік сатып алуды жабық конкурс немесе осы өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) өндіру және (немесе) беру мүмкіндігі бар қорғаныс өнеркәсібі ұйымдарынан бір көзден сатып алу тәсілдерімен жүзеге асыруы мүмкін. P071301

Қорғаныстық тапсырыс өнімін орындау заңнамамен белгіленген тәртіпте шарттар негізінде жүзеге асырылады.

Қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарт бойынша берілетін өнімнің сапасы нормативтік және техникалық құжаттама талаптарына, шарт ережелеріне сәйкес болуға тиіс және оны мемлекеттік тапсырыс берушілер, соның ішінде олардың өкілдіктері бақылайды.

#### **4. Қорытынды ережелер**

"Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уәкілетті орган қорғаныстық тапсырысты орындау жөніндегі жұмыстарды салааралық үйлестіруді және олардың ұйымдастырылуын бақылауды жүзеге асырады.

Мемлекеттік тапсырыс берушілер жыл сайын, 25 наурыздан кешіктірмей, уәкілетті органға қорғаныстық тапсырмалардың орындалуы туралы Қаржы министрлігімен келісілген жылдық есептерді ұсынады.

Уәкілетті орган жыл сайын, 15 сәуірден кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Үкіметіне тұтас алғанда қорғаныстық тапсырыстың іске асырылуы туралы жылдық есепті ұсынады.

1 - қ о с ы м ш а  
Ө т е қ ұ п и я  
(толтыру бойынша)

Келісілді  
Қазақстан  
Республикасының  
Қаржы министрлігі  
Лауазымы, аты-жөні

Бекітілді  
Мемтапсырыс  
берушінің  
Лауазымы аты-жөні

(мемтапсырыс берушінің атауы)

(қорғаныстық тапсырыс өнімі)

200 \_\_ жылға арналған  
Ө Т І Н І М І

Р/с N	Қорғаныстық тапсырыс өнімі	Өлшем бірлігі	Саны	Болжамды құны, мың теңге	Орын. далу мерзімі
1	2	3	4	5	6
1	Б ө л і м Қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өнімдер өндіру және (немесе) беру				
1.1	Қару-жарақ пен әскери техника өндіру және (немесе) беру				
1.1.1	Зымыран-артиллериялық қару				
1.1.2	Б а й л а н ы с қ ұ р а л ы				
1.1.3	Әскери-техникалық мүлік				
1.1.4	Әскери-химиялық мүлік				
1.1.5	Әскери-Теңіз Күштері қару-жарағы мен техникасы				
1.1.6	Арнайы әрі екіұдай мақсаттағы техникалық құралдар				
1.1.7	және б а с қ а л а р ы				
				Ж И Ы Н Ы	

2 Б ө л і м  
Қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған  
өнімдерді жасау, жетілдіру жөніндегі ғылыми-зерттеу және

---

2 . 1

Ж И Ы Н Ы

---

3 Б ө л і м  
Қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған жаңа  
технологияларды игеру және өнімдерді жаппай шығару  
өндірісін дайындау

---

3 . 1

Ж И Ы Н Ы

---

4 Б ө л і м  
Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған өнімдерді  
жөндеу және жетілдіру

---

4.1 Қару-жарақ пен әскери техниканы жөндеу  
4.1.1 Сауытты техниканы жөндеу  
4.1.2 Авиатехниканы жөндеу

---

4 . 1 . 3

Ж И Ы Н Ы

---

5 Б ө л і м  
Пайдаланудан шығарылған қару-жарақты, оқ-дәріні, әскери  
техниканы және басқа да материалдық құралдарды  
кәдеге жарату, дезактивизациялау және жою

---

5 . 1

Ж И Ы Н Ы

---

6 Б ө л і м  
Қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін объектілерді  
салу, қайта құру және техникамен қайта жарақтандыру

---

6 . 1

Ж И Ы Н Ы

---

7 Б ө л і м

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына  
сәйкес Қазақстан Республикасының басқа  
мемлекеттермен әскери-техникалық ынтымақтастық  
саласындағы жұмыстары

7.1		Ресей	Федерациясымен
7.2			Украинамен
7	.	3	
			Ж И Ы Н Ы
<hr/>			
8			Б ө л і м
		Жұмылдыру дайындығы бойынша тауарлар, жұмыстар	
<hr/>			
8	.	1	
			Ж И Ы Н Ы
<hr/>			
9			Б ө л і м
		Заттай мүліктерді және әскери мүліктерді, азық-түлік тауарларын өндіру	
<hr/>			
9.1		Заттай	мүлік
9.1.1		Әскери	киім
9.2		Азық-түлік	тауарлары
9.2.1	Ет	және ет	өнімдері
9.3		Өндірістік-техникалық	мақсаттағы өнім
9.3.1			Ж и н а з
9.3.2	Ас	үй	жабдығы
			Ж И Ы Н Ы
<hr/>			
10			Б ө л і м
		Қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты басқа да жұмыстар мен қызметтер	
<hr/>			
10.1	Отын-энергетика кешені және жанар-жағар материалдар өнімі		
10.2	Медициналық жабдық пен медициналық препараттар		
10.3	Ветеринарлық жабдық және ветеринарлық препараттар		
10	.	4	
			Ж И Ы Н Ы
<hr/>			

Қазақстан Республикасының Мемтапсырыс беруші  
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і

лауазымы, аты-жөні лауазымы, аты-жөні  
2 - қ о с ы м ш а

Ө т е қ ұ п и я  
(толтыру бойынша)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы " \_ \_ \_ " \_ \_ \_ \_ \_

N \_ \_ \_ қ а у л ы с ы м е н

бекітілді

**Қазақстан Республикасының 200\_\_ жылға арналған мемлекеттік қорғаныстық тапсырысы**

Р/с N	Қорғаныстық тапсырыс өнімі	Өлшем бірлігі	Саны	Болжамды құны, мың теңге	Орын. далу	Орын. даушы мерзімі
1	2	3	4	5	6	7

(Мемлекеттік тапсырыс беруші)

1 Б ө л і м  
Қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін  
өнімдер өндіру және (немесе) беру

- 1.1 Қару-жарақ пен әскери техника өндіру және (немесе) беру
- 1.1.1 Зымыран-артиллериялық қару
- 1.1.2 Б а й л а н ы с құралы
- 1.1.3 Әскери-техникалық мүлік
- 1.1.4 Әскери-химиялық мүлік
- 1.1.5 Әскери-Теңіз Күштері қару-жарағы мен техникасы
- 1.1.6 Арнайы әрі екіұдай мақсаттағы техникалық құралдар
- 1.1.7 ж а н е б а с қ а л а р ы

Ж И Ы Н Ы

---

2

Б ө л і м

Қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған өнімдерді жасау, жетілдіру жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар

---

2

. 1

Ж И Ы Н Ы

---

3

Б ө л і м

Қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған жаңа технологияларды игеру және өнімдерді жаппай шығару өндірісін дайындау

---

3

. 1

Ж И Ы Н Ы

---

4

Б ө л і м

Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған өнімдерді жөндеу және жетілдіру

---

4.1

Қару-жарақ пен әскери техниканы жөндеу

4.1.1

Сауытты техниканы жөндеу

4.1.2

Авиатехниканы жөндеу

---

4

. 1 . 3

Ж И Ы Н Ы

---

5

Б ө л і м

Пайдаланудан шығарылған қару-жарақты, оқ-дәріні, әскери техниканы және басқа да материалдық құралдарды кәдеге жарату, дезактивизациялау және жою

---

5

. 1

Ж И Ы Н Ы

---

6

Б ө л і м

Қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін объектілерді салу, қайта құру және техникамен қайта жарақтандыру

---



7			Б ө л і м
			Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы жұмыстары

7.1		Ресей	Федерациясымен
7.2			Украинамен
7	.	3	

8			Б ө л і м
			Жұмылдыру дайындығы бойынша тауарлар, жұмыстар

8	.	1	Ж И Ы Н Ы
---	---	---	-----------

9			Б ө л і м
			Заттай мүліктерді және әскери мүліктерді, азық-түлік тауарларын өндіру

9.1		З а т т а й	м ү л і к
9.1.1		Ә с к е р и	к и і м
9.2		А з ы қ - т ү л і к	т а у а р л а р ы
9.2.1	Е т	ж ә н е	е т ө н і м д е р і
9.3		Ө н д і р і с т і к - т е х н и к а л ы қ	м а қ с а т т а ғ ы ө н і м
9.3.1			Ж и Һ а з
9.3.2	А с	ү й	ж а б д ы ғ ы
			Ж И Ы Н Ы

10			Б ө л і м
			Қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты басқа да жұмыстар мен қызметтер

10.1	Отын-энергетика	кешені және жанар-жағар материалдар	өнімі
10.2	Медициналық	жабдық пен медициналық	препараттар

10.3 Ветеринарлық жабдық және ветеринарлық препараттар  
1 0 . 4

Ж И Ы Н Ы

---

Б А Р Л Ы Ғ Ы

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК